

Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 сәуірде № 10762 тіркелді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 69-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**
Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 07.06.2021 № 540 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдарды телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдарды кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қызметтік және кезекші автомобильдерді пайдалану белгіленген жүру лимитінің шегінде орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамның), ал мұндайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қызметтік автомобиль–мемлекеттік органдардың көліктік қызмет көрсетуі үшін қызметтік және кезекші автомобильдердің тиістілік нормативте көзделген лауазымды тұлғаға жеке көліктік қызмет көрсетуге арналған жеңіл автомобиль.

Кезекші автомобиль–мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне көліктік қызмет көрсетуге арналған жеңіл автомобиль не микроавтобус не автобус, сондай-ақ делегацияларға және басқа да адамдарға көліктік қызмет көрсету үшін қонақтарға арналған жеңіл автомобиль не микроавтобус не автобус.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 25.02.2021 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 179 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің зағтай нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.10.2024 № 2768 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Мемлекеттік органның атауы	Лауазымның атауы	Автомобильдер саны		Қозғалтқыш көлемі, текше с м . (автобустардан басқа)	1 н бір айдағы жүруі (километр)
			қызметтік (1 бірлік)	кезекші		
1	2	3	4	5	6	7
1		Премьер-Министр	1			3100
		Мемлекеттік кеңесшісі	1			3100
		Президент Әкімшілігінің Басшысы	1			3100
		Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы	1			3100
		Президент Кеңесінің бастығы	1			3100
		Президенттің көмекшісі	1			3100

2	Президент Әкімшілігі	Президенттің Баспасөз хатшысы	1			3100
		Президенттің Протокол қызметінің бастығы	1			3100
		Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы	1			2500
		Астана қаласында көліктік қызмет көрсету	16*****	1*****		2600
		Алматы қаласында	1*****	6*****		2600
		Қонақтарға арналған		25		***
3	Президенттің Іс басқармасы	Президенттің Іс басқарушысы	1			2600
		Президенттің Іс басқарушысы ның орынбасары	1			2100
		Аппарат, ведомство басшысы	1			2100
4	Парламент Аппараты	Парламент Палатасының аппарат басшысы	1			2000
		Парламенттің аппарат басшысының орынбасары	1			2000
5	Үкімет Аппараты	Премьер-Мин истрдің орынбасары	1			3100
		Үкімет Аппаратының Басшысы	1*****			3100
		Үкімет Аппараты Басшысының орынбасары	1			2000

		Алматы қаласында көліктік қызмет көрсету	12	1		2600
		Қонақтарға арналған		14		***
6	Конституциялық Сот	Төраға	1			3100
		Төраға орынбасары	1			2600
		Судьялар	1			2000
		Конституциялық Сот аппаратының басшысы	1			2000
		Конституциялық Сот аппараты басшысының орынбасарлары	1			2000
7	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі	Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы	1			2100
		Жоғары Сот Кеңесі аппаратының басшысы	1			2000
		Төраға	1			2100
		Төраға орынбасары	1			2100
		Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері	1			2100
		Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелері		5-ке 2 бірлік		2100
		Адам құқықтары жөніндегі уәкіл	1			2100
		Жоғары аудиторлық палата аппаратының басшысы,				

8	Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл)	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аппаратының басшысы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аппаратының басшысы	1			2000
		Жоғарғы Соттың Төрағасы	1			2100
		Жоғарғы Сот алқасының төрағасы	1			2000

		Жоғарғы Соттың судьялары		3-ге 1 бірлік		2100
9	Жоғарғы Сот	Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы	1			2000
		Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының орынбасары	1			2000
10	Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген соттар	Сот төрағасы	1			2100
		Сот алқасының төрағасы	1			2100
11	Аудандық және оларға теңестірілген соттар	Сот төрағасы	1			2100
12	Бас прокуратура	Бас прокурор, Бас әскери прокурор	1			2100
		Бас прокурордың (Бас әскери прокурордың) орынбасары, Бас прокурордың аппаратының басшысы	1			2100

		Б а с прокуратура жанындағы Комитет төрағасы	1			2000
		Б а с прокуратура жанындағы Комитет төрағасының орынбасары	1			2000
13	Облыстық (республикалы қ маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген прокуратурал ар	Прокурор	1			2100
		Прокурордың орынбасары	1			2100
14	Аудандық және оларға теңестірілген прокуратурал ар	Прокурор	1			2100
15	Министрлікте р	Министр	1			2100
		Министрдің орынбасары	1			2100
		Аппарат басшысы	1			2100
16	А д а м құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	Басшы	1			2000
17	Облыстардың , республикалы қ маңызы бар қаланың және астананың әкімдіктері	Облыс (республикалы қ маңызы бар қала, астана) әкімі	1			****
		Облыс (республикалы қ маңызы бар қала, астана) әкімінің бірінші орынбасары, орынбасары	1			****
		Облыс (республикалы қ маңызы бар				

		кала, астана) әкімінің аппарат басшысы	1			****
		Қонақтарға арналған		2		****
18	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктері	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі	1			****
		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің орынбасары	1			****
		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімі	1			****
19	Республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудан әкімінің аппараты	Қаладағы ауданның әкімі	1			****
20	Жергілікті өкілді органдар	Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихат төрағасы	1			2100
		Аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат төрағасы	1			2000
	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың				*****

21	қ маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары	тексеру комиссиясының төрағасы	1			
		Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының мүшелері		2-не 1 бірлік		*****
22	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда, мемлекеттік органдардың орталық аппаратын көліктік қамтамасыз ету қызметкерлерінің саны					
	100-ге дейін			1 *****	3000-нан көп емес	***
	100-ден 200-ге дейін			2*****	3000-нан көп емес	***
	200-ден 300-ге дейін			3	3000-нан көп емес	***
	300-ден 500-ге дейін			4*	3000-нан көп емес	***
	500-ден 900-ге дейін			5	3000-нан көп емес	***
	900-ден 1300-ге дейін			7	3000-нан көп емес	***
	1300-ден			9	3000-нан көп емес	***
	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда,					

	қызметкерлер інің саны:				
	100-ге дейін		1	3000-нан көп емес	***
23	100-ден 200- ге дейін орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін е және олардың облыстардағы , республикалы қ маңызы бар қаладағы, астанадағы** ведомстволар ына көлік қызметін көрсету		2	3000-нан көп емес	***
24	Қазақстан Республикасы ның Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурас ын, сондай-ак , арнайы көлігі барларын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін е және олардың аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) ведомстволар ына көлік қызметін көрсету		1	3000-нан көп емес	***
	Жергілікті бюджеттерде н қаржыландыр ылатын				

жергілікті атқарушы органдарға көлік қызметін көрсету *****					
Абай облысы			160	3000-нан көп емес	*****
Ақмола облысы			306	3000-нан көп емес	*****
Ақтөбе облысы			216	3000-нан көп емес	*****
Алматы облысы			196	3000-нан көп емес	*****
Атырау облысы			141	3000-нан көп емес	*****
Шығыс Қазақстан облысы			193	3000-нан көп емес	*****
Жамбыл облысы			186	3000-нан көп емес	*****
Жетісу облысы			151	3000-нан көп емес	*****
Батыс Қазақстан облысы			216	3000-нан көп емес	*****
Қарағанды облысы			234	3000-нан көп емес	*****
Қостанай облысы			321	3000-нан көп емес	*****
Қызылорда облысы			141	3000-нан көп емес	*****
Маңғыстау облысы			126	3000-нан көп емес	*****
Павлодар облысы			216	3000-нан көп емес	*****
Солтүстік Қазақстан облысы			231	3000-нан көп емес	*****
Түркістан облысы			224	3000-нан көп емес	*****
Ұлытау облысы			91	3000-нан көп емес	*****
Астана қаласы			35	3000-нан көп емес	*****
Алматы қаласы			40	3000-нан көп емес	*****

	Шымкент қаласы			32	3000-нан көп емес	*****
26	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына көліктік қызмет көрсету			1	2600-ден көп емес	*****
27	Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне қаржыландырылатын жергілікті өкілді органдарға көлік қызметін көрсету			1	3000-нан көп емес	***

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі үшін сыртқы саяси органның ерекшелігін ескере отырып, саны 5 бірлікте, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі үшін 7 бірлікте қызметтік автомобильдердің заттай нормаларын белгіленсін ;

** бұл заттай нормасы мемлекеттік органдардың облыстардағы филиалдарына, Байқоңыр қаласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне де қолданылады;

*** мемлекеттік органдар көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін жүру лимиттерін дербес, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2100 километрден асырмай белгілейді;

**** жергілікті атқарушы органдар үшін жүру лимиттері облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2100 километрден асырмай белгілейді;

***** жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдар бөлінісінде автокөлікті бөлу, сондай-ақ олар бойынша жүру лимитті айқындау облыс,

республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2100 километрден асырмай белгілейді;

***** Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы үшін саны 5 бірлік, хаттамалық іс-шараларды дайындауға байланысты қызмет ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттары үшін саны 7 бірлік кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін;

***** облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары үшін жүру лимиттері облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімі бойынша айқындалады, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2100 километрден асырмай белгілейді;

***** осы заттай нормасы "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты" мемлекеттік мекемесінің және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің директорына да қолданылады;

***** Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві" мемлекеттік мекемесі үшін – 2 бірлік;

***** осы заттай нормасы "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемелерге де қолданылады, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты үшін саны 2 бірлік, оның ішінде 1 бірлік Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Конституциялық Сот құрамына көліктік қызмет көрсету үшін және 1 бірлік Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының аппараты үшін кезекші автомобильмен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін.

Осы заттай нормалары Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, арнайы мемлекеттік органдарға және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне қолданылмайды.

Осы заттай нормаларындағы қызметтік автомобильдерге арналған жүру лимиті мемлекеттік мекеменің басшысын, мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарын, орталық атқарушы органның аппарат басшысын қызметтік автокөлікпен іссапарға жіберген жағдайлардағы жүруді қамтымайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 179 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік органдарды телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 28.12.2022 № 1338 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Телефон байланысы түрлерінің атауы	Пайдаланушылар
1	2	3
1	республика ішіндегі қалааралық телефон байланысы *	<p>орталық мемлекеттік органдардың басшылары, олардың орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдар басшыларының және олардың орынбасарларының қабылдау бөлмелері, алқалы мемлекеттік органдардың мүшелері; орталық атқарушы органдардың аппарат басшылары (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамдар), аппарат басшылары (заңнамаға сәйкес мұндай лауазым болғанда); ведомстволардың басшылары, олардың орынбасарлары; департаменттердің басшылары және бөлім меңгерушілері, олардың орынбасарлары; басқармалардың басшылары, олардың орынбасарлары (заңнамаға сәйкес мұндай лауазым болғанда), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдерінің орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) орталық аумақтық органдары құрылымдық бөлімшелерінің, облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен, аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары, басшыларының орынбасарлары, бастықтары; облыстардың, республикалық</p>

		маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының төрағалары, мүшелері және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен халықаралық телефон байланысы	орталық мемлекеттік органдардың басшылары, олардың орынбасарлары; орталық атқарушы органдардың аппарат басшылары (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамдар), аппарат басшылары (заңнамаға сәйкес мұндай лауазым болғанда); облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері, облыстар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдерінің орынбасарлары (аппарат басшылары) және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің лауазымды адамдары (Министр, оның орынбасарлары, аппарат басшысы, комитеттер мен департаменттердің басшылары, олардың орынбасарлары) және функцияларына халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кіретін орталық мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
3	алыс шет елдермен халықаралық телефон байланысы	орталық мемлекеттік органдардың басшылары, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің лауазымды адамдары (Министр, оның орынбасарлары, аппарат басшысы, комитеттер мен департаменттердің басшылары, олардың орынбасарлары), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі және оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың төрағасы мен мүшелері, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, функцияларына халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кіретін орталық мемлекеттік

		органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
4	қалалық нөмірлермен телефон байланысы	орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері (басшылар, басшылардың қабылдау бөлмелері, ведомстволардың, департаменттердің басшылары және бөлім меңгерушілері, олардың орынбасарлары, ведомстволардың басшылары мен департамент директорларының қабылдау бөлмелері, сектор меңгерушілері, бас консультанттар, басқарма бастықтары, аға прокурорлар, бас сарапшылар - бір нөмірден және прокурорлар, сарапшылар - екеуге бір нөмір); облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының қызметкерлері – екеуге бір нөмір
5	қалалық (ауылдық) нөмірлермен телефон байланысы	орталық мемлекеттік органдардың облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы), жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері (басшылар, басшылардың қабылдау бөлмелері, олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің бастықтары, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі, аға прокурорлар - бір нөмірден және прокурорлар, мамандар - үшеуге бір нөмір)
6	пәтерге орнатылған республика ішіндегі қалааралық телефон байланысы (халықаралық байланысқа шығу құқығынсыз)	облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері

Ескертпе:

* осы телефон байланысының түрі сол сияқты стационарлық телефоннан ұялы байланыс желісіне шалынатын қоңырауды қамтиды.

Осы заттай нормалары арнаулы мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Мемлекеттік органдарды кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары*

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.10.2024 № 2768 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Лауазымның атауы	Жиһаздың атауы	Кеңселік жиһаздың саны (1 бірлікке)
1	2	3	4
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар			
1	Басшы	Басшының үстелі	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Жалғамалы мінбе	1
		Кеңселік қабырға жиһазы	1
		Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	12
	Басшының демалыс бөлмесі	Жұмсақ жиһаз	1 жиынтық (1 диван, 2 кресло)
		Телевизордың астына қоятын тумба	1
		Журнал үстелі	1
	Басшының қабылдау бөлмесі	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	4
		Кресло	1
	Үстел	1	

2**

Б а с ш ы н ы ң орынбасарлары, аппарат басшысы	Қағазға арналған тумба	1
	Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
	Жалғамалы мінбе	1
	Кеңселік қабырға жиһазы	1
	Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
	Қағазға арналған шкаф	1
	Сырт киімге арналған шкаф	1
	Кресло	1
	Келушілерге арналған кресло	12
	Б а с ш ы орынбасарларының, аппарат басшының демалыс бөлмелері	Жұмсақ жиһаз
Телевизордың астына қоятын тумба		1
Журнал үстелі		1
Б а с ш ы орынбасарларының, аппарат басшының қабылдау бөлмелері	Үстел	1
	Қағазға арналған тумба	1
	Қағазға арналған шкаф	1
	Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
	Сырт киімге арналған шкаф	1
	Келушілерге арналған орындық	4
	Кресло	1
Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің (комитеттер, департаменттер) басшысы	Үстел қосымшасымен	1
	Қағазға арналған тумба	1
	Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
	Сырт киімге арналған шкаф	1
	Қағазға арналған шкаф	2
	Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
	Журнал үстелі	1
	Телевизордың астына қоятын тумба	1
	Диван	1
	Басшыға арналған кресло	1

3

		Келушілерге арналған кресло	6
	Құрылымдық бөлімше (комитеттер, департаменттер) басшысының қабылдау бөлмесі***	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	4
		Кресло	1
4	Құрылымдық бөлімше (комитеттер, департаменттер) басшысының орынбасарлары	Жалғамалы үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Телевизордың астына қоятын тумба	1
		Кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	4
5	Мемлекеттік органның басқарма бастығы	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	2
		Кресло	1
6	Мемлекеттік органның қызметкері	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Құжаттарға арналған сөрелер	1 (3 бірлікке)
		Келушілерге арналған орындық	1
		Кресло	1
Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдар ****			

7 *****	Басшы	Жалғамалы үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
		Қағазға арналған шкаф	2
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	6
	Басшының қабылдау бөлмесі	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағаздарға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	4
Кресло		1	
8	Басшының орынбасары	Жалғамалы үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Келушілерге арналған кресло	4
		Қағаздарға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Телевизордың астына қоятын тумба	1
		Кресло	1
		9	Құрылымдық бөлімшенің басшысы мен қызметкері
Қағазға арналған тумба	1		
Қағаздарға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)		
Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)		
Құжаттарға арналған сөрелер	1 (3 бірлікке)		
Келушілерге арналған орындық	1		

		Кресло	1
Аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) аумақтық органдар			
10*****	Басшы	Жалғамалы үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Қағаздарға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	4
	Басшының қабылдау бөлмесі	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағаздарға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	4
		Кресло	1
11	Басшының орынбасары	Жалғамалы үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Келушілерге арналған орындық	4
		Қағаздарға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Телевизордың астына қоятын тумба	1
		Кресло	1
12	Құрылымдық бөлімшенің басшысы мен қызметкері	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Келушілерге арналған орындық	1
		Қағаздарға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)

	Құжаттарға арналған сөрелер	1 (3 бірлікке)
	Кресло	1

Ескертпе:

* кеңселік жиһаз – осы бұйрықта көзделген, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарының, ұлттық компаниялардың басшылары мен қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдай жасау мақсатында олардың жұмыс орнын жабдықтауға арналған жиһаздар.

Осы заттай нормалар көмекші бөлмелерге (келіссөз жүргізу бөлмелер, конференц-залдар, вестибюль, дәліздер, архив) кеңсе жиһазын сатып алуға қолданылмайды, оларға кеңсе жиһазын қаржылық сәйкес жылға бюджетте қарастырылған қаражат шегінде сатып алынады;

** заттай нормалар, сондай-ақ:

Жоғары Сот алқасының төрағасына, Жоғарғы Соттың судьяларына, Конституциялық Соттың, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелеріне, Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелеріне, Жоғары Сот Кеңесінің мүшелеріне (лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін қоспағанда), Конституциялық сот аппаратының, Жоғары аудиторлық палатаның, Жоғарғы Соттың, Жоғары Сот Кеңесінің, Бас прокуратураның, Президенттің Іс басқармасының, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аппарат басшыларына қолданылады;

*** болған жағдайда;

**** заттай нормалар, сондай-ақ мыналарға қолданылады: Байқоңыр қаласында аумақтық органдарына, облыстардағы филиалдарға;

***** заттай нормалар, сондай-ақ мыналарға қолданылады: сот төрағасына, сот алқасының төрағасына, прокурорға, прокурордың орынбасарына;

***** заттай нормалар, сондай-ақ мыналарға қолданылады: сот төрағасына, прокурорға, прокурордың орынбасарына.

Осы заттай нормалар министрліктерге қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 179 бұйрығына
4-қосымша

Мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 28.12.2022 № 1338 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың алаңы
1	2	3	4
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар			
1*	Басшының кабинеті	шаршы метр	54
	Басшының демалыс бөлмесі	шаршы метр	15
	Басшының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	12
2**	Басшы орынбасарының (аппарат басшының) кабинеті	шаршы метр	36
	Басшы орынбасарының (аппарат басшының) демалыс бөлмесі	шаршы метр	12
	Басшы орынбасарының (аппарат басшының) қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
3	Мемлекеттік орган қызметкерлерінің саны:	шаршы метр	
	100-ге дейін		25
	100-ден жоғары болған кезде құрылымдық бөлімшесі (комитет) басшысының кабинеті		36
	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі (комитет) басшысының демалыс бөлмесі	шаршы метр	10
	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі (департамент, бөлім) басшысының кабинеті	шаршы метр	25
	Құрылымдық бөлімше (комитет, департамент, бөлім) басшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	7
4	Құрылымдық бөлімше (комитет) басшысы орынбасарының кабинеті	шаршы метр	20
5	Құрылымдық бөлімше б а с ш ы с ы орынбасарының кабинеті (департамент, бөлім)	шаршы метр	15
6	Мемлекеттік орган қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5

7	Ортақ үй-жайлар (конференц-зал, мәжіліс залы, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі , гардероб, серверлік, жабдықтар, нысанды киім-кешек, дәрі-дәрмек, техникалық құралдар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б . қоймалары)	шаршы метр	жиынтығының 30 %-ы
8	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	шаршы метр	жиынтығының 25 %-ы

Орталық мемлекеттік органдардың облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары

9***	Басшының кабинеті	шаршы метр	25
	Басшының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
10	Басшы орынбасарының кабинеті	шаршы метр	20
11	Қызметкердің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
12	Ортақ үй-жайлар (мәжіліс залы, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі , серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б . қоймалары)	шаршы метр	жиынтығының 25 %-ы
13	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және т.б.)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы

Орталық мемлекеттік органдардың аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) аумақтық органдары ****

14****	Басшының қабілеті	шаршы метр	20
	Басшының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
15	Басшы орынбасарының кабинеті	шаршы метр	15
16	Қызметкердің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5

17	Ортақ үй-жайлар (мәжіліс залы, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі , серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б . қоймалары)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы
18	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы

Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар

19 *****	Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің кабинеті	шаршы метр	54
	Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің демалыс бөлмесі	шаршы метр	15
	Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің қабылдау бөлмесі	шаршы метр	12
20	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі орынбасарының (аппарат басшысының) кабинеті	шаршы метр	36
	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі орынбасарының (аппарат басшысының) демалыс бөлмесі	шаршы метр	12
	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі орынбасарының (аппарат басшысының) қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
21	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшесі басшысының кабинеті	шаршы метр	12

22	Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің аппараты қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
23	Атқарушы орган басшысының кабинеті	шаршы метр	30
	Атқарушы орган басшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	7
24	Атқарушы органның басшысы орынбасарының кабинеті	шаршы метр	20
25	Атқарушы орган қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
26	Ортақ үй-жайлар (конференц-зал, мәжіліс залы, қызмет көрсетуші персоналға арналған үй-жай, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі, гардероб, серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б. қоймалары)	шаршы метр	жиынтығының 25 %-ы
27	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және т.б.)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы
	облыстық және оларға теңестірілген соттар үшін	шаршы метр	жиынтығының 25%-ы
Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар			
28*****	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің кабинеті	шаршы метр	36
	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің демалыс бөлмесі	шаршы метр	10
	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі орынбасарының (аппарат басшысының) кабинеті	шаршы метр	20

29	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі орынбасарының (аппарат басшысының) қабылдау бөлмесі	шаршы метр	7
30	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты құрылымдық бөлімшесі басшысының кабинеті	шаршы метр	9
31	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
32	Атқарушы орган басшысының кабинеті*** ****	шаршы метр	15
	Атқарушы орган басшының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
33	Атқарушы орган қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
34	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің кабинеті	шаршы метр	15
35	Аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппараты қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
36	Ортақ үй-жайлар (конференц-зал, мәжіліс залы, қызмет көрсетуші персоналға арналған үй-жай, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі, гардероб, серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек жарақтары және т.б. қоймалары)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы
37	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және т.б.)	шаршы метр	жиынтығының 20 %-ы

Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары

38	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тексеру комиссиясы төрағасының кабинеті	шаршы метр	36
	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тексеру комиссиясы төрағасының демалыс бөлмесі	шаршы метр	12
	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тексеру комиссиясы төрағасының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
39	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тексеру комиссиясы мүшесінің кабинеті	шаршы метр	20
40	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тексеру комиссиясы қызметкерінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
41	Жалпы үй-жайлар (конференц-зал, мәжіліс залы, қызмет көрсетуші персоналға арналған үй-жай, мұрағат, көшірме-көбейту қызметі , гардероб, серверлік жабдық, мүкәммал және кеңсе керек-жарак қоймалары және т.б.)	шаршы метр	Жиынтығының 25 %-ы
42	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, венкамералар, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және т.б.)	шаршы метр	Жиынтығының 20 %-ы
Облыс, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдар			
43	Мәслихат хатшысының кабинеті	шаршы метр	25
	Мәслихат хатшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10

44	Мәслихат аппаратының басшысының кабинеті	шаршы метр	25
	Мәслихат аппаратының басшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
45	Мәслихат аппаратының қызметкері (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
46	Ортақ үй-жайлар (мәжіліс залы, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі , серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б . қоймалары)	шаршы метр	Жиынтығының 25 %-ы
47	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	шаршы метр	Жиынтығының 20 %-ы
Аудан (облыс маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органдар			
48	Мәслихат хатшысының кабинеті	шаршы метр	20
	Мәслихат хатшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	7
49	Мәслихат аппаратының басшысының кабинеті	шаршы метр	20
	Мәслихат аппаратының басшысының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
50	Мәслихат аппаратының қызметкері (1 қызметкерге)	шаршы метр	7,5
51	Ортақ үй-жайлар (мәжіліс залы, мұрағат, көбейту-көшірме қызметі , серверлік, жабдықтар, мүкәммал мен кеңсе керек-жарақтары және т.б . қоймалары)	шаршы метр	Жиынтығының 25 %-ы
52	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	шаршы метр	Жиынтығының 20 %-ы

Ескертпе:

*заттай нормалар, сондай-ақ:

адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органға, Жоғары Сот Кеңесінің төрағасына қолданылады;

** заттай нормалар сондай-ақ:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелеріне, Жоғарғы Соттың судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелеріне, Жоғары Сот Кеңесінің мүшелеріне (лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін қоспағанда), Конституциялық сот аппаратының, Жоғарғы Соттың, Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары аудиторлық палатаның, Бас прокуратураның, Президенттің Іс басқармасының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аппарат басшыларына қолданылады;

*** заттай нормалар сондай-ақ:

облыстардың, республикалық маңызы бар қала, астана прокурорына, прокурордың орынбасарына қолданылады;

**** заттай нормалар сондай-ақ:

аудан (облыстық маңызы бар қаланың) прокурорына, прокурордың орынбасарына қолданылады;

***** заттай нормалар сондай-ақ облыстық сот төрағасына қолданылады;

***** заттай нормалар сондай-ақ облыстық соттың сот алқасының төрағасы мен қала және аудан сотының төрағасына қолданылады;

***** заттай нормалар сондай-ақ облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттар судьяларына және кеңсе меңгерушілеріне қолданылады.

Егер мемлекеттік органдардың ғимараттарында қызметтік үй-жайларды жоспарлаудың ерекшелігі осы алаңдарды қысқартуға мүмкіндік бермеген жағдайда, орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының, олардың орынбасарларының, орталық атқарушы органдардың аппарат басшыларының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамдардың), аппарат басшыларының (заңнамаға сәйкес мұндай лауазым болғанда), ведомстволар мен департаменттер басшыларының, олардың орынбасарларының, бөлім меңгерушілерінің, аудан, облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің және олардың орынбасарларының қызметтік алаңдарының заттай нормаларын асыруға жол беріледі.